

Жалпы, біздің өлкеге имандылықтың дәнін сепкен қожа-ишандарға деген құрмет ерекше. Ел азаматтарының осыдан тура бес жыл бұрын Исабек ишан мен Жандарбек атаға зәулім кесене тұрғызуы - соның нақты дәлелі. Ал биыл шапағаты мол Солтан қожаға кесене орнатылды. Ауызбіршілік танытып, игі істі жалғастырған тағы да ел азаматтары екенін зор мақтанышпен атап өткен жөн. Осы орайда, көпшілік, әсіресе, жастар жағы «Солтан қожа кім?» деп ойлануы әбден мүмкін. Сондықтан, біз осы сұраққа жауап іздегенді жөн көрдік.



Шапағаты мол Солтан қожа

Фархат ӘМИРЕ



Ақкөл-Жайылманы Әулиелі мекен атандырған қасиетті қожалардың ішінде Солтан қожаның орны бөлек. Алланың ақ жолынан айнымай, халықты имандылық жолына бастаған Солтан қожаның шын аты - Мұхамедсолтан. Бірақ көпшілік оны Солтан қожа деп атаған. Ол 1896 жылы дүниеге келген. Исабек ишанның Нұрмұхаммед есімді ұлынан туған. Басқамыс, Ақжар, Ажы, Шідерті елді мекендерінің шаруашылық жұмыстарына араласқан. Әулиелігімен талайды тәнті еткен. 1962 жылы өмірден озған. Солтан қожадан Рафық, Барбар, Әкбар есімді үш ұл туған. Бүгінде олардан тараған ұрпақтар ел үшін еңбек

жылқылардың жон арқасы мен бастары ғана көрінеді екен. Содан ол дәретін алып, екінті намазын оқып, Алладан жәрдем сұрайды. Ақыры Солтан қожа Жаратушы Иенің дарытқан күш-қуатының арқасында сордағы қылқұйрықтыларды бір-бірлеп сүйреп шығарады. Әбден шаршап, демалып отырғанда соңына ауылдағы еркек кіндіктіні түгел ертіп, төраға мен колхоз бастығы келеді. Бәрі таң қалады. Жылқылар сордан шығарылған. Солтан қожаның үсті батпақ. Әлгі дөкейлер қаһарына мініп: «Саған кім көмектесті?» деп ақырады. Байсалды қалпынан бір танбайтын Солтан қожа: «Бір Алла» деп жауап беріпті. Сол күні кешкілік ауылдық Кеңестің төрағасы төсек

қожаның қолына ұстатыпты. Сонда қожеке: «Балам бала екен! Басқа ешкімге көрсетпе!» деп, аузыма түкіріпті. Міне, осы бір оқиға мен үшін әлі күнге дейін үлкен жауапкершілік жүктеп келеді. Өзімді бала күнімнен бері «Жаман болуға хақым жоқ!» деп қамшылайтыным да сондықтан, - дейді Абызбай Адамов.

Ақтоғай ауданына қарасты Шідерті ауылындағы «Жантемір» мешітінің имамы, қожалар ұрпағы Сопаш ата - Сәлімов Солтан қожаның тәлімін алған жан. Ол Солтан қожа туралы естелігінде оның қадір-қасиетіне тоқталады.

- Мен Солтан қожаның тәрбиесінде болғанмын. Ол өте қарапайым,

етіп жүр.

Жалпы, ел ішінде Солтан қожаның көріпкелдігін, әулиелігін айғақтайтын әңгімелер өте көп. Сондай бір өнегелі әңгімені еңбек ардагері, ақтоғайлық Нығи Ахметқалиев «Исабек ишан» атты кітапта жарияланған естелігінде келтіреді.

«Солтан қожа әкем Ахметқалимен сыйлас әрі сырлас болған. Әкемнен естіген мына бір әңгіме әлі күнге дейін көкейімде сайрап жатыр. 1937-1938 жылдар болса керек. Солтан қожаның Басқамыс ауылының, Ақжар, Ажы, Шідерті колхоздарының жылқысын қосып бағып жүрген кезі екен. Тамыз айының ми қайнатар ыстық күндерінің бірінде әбден шөлдеген жылқылар жайылымға жақын маңдағы сорға лап қояды. Осылайша, 30 шақты жылқы сорға батады. Жылқышы 56 шақырым жердегі елді мекенге келіп, ауылдық Кеңестің төрағасы мен колхоз бастығына болған жайды баяндайды. Қаһарына мінген төраға жылқышыны тілдеп, балағаттайды. Бұлардан қайран болмасын сезген Солтан қожа сорға қайтып келеді.

тартып қалады. Дәреті жүрмей, есінен ауысады. Ертеңінде төрағаның үй-іші Солтан қожаға келіп, кешірім сұрайды. Сонда Солтан қожа үш рет «Мен кештім!» деп айтады да, дұғалар оқып, сырқат жанның денесін алақанымен сипайды. Төраға құлан-таза айығып, қожадан кешірім өтінген екен», - дейді Нығи ақсақал өз естелігінде.

Ертістің Павлодар өңіріне аты мәлім Абызбай Адамовтың есімін осы Солтан қожа қойыпты.

- Менен бұрын дүниеге келген екі ұл бірінен соң бірі шетінеп кетіпті. Содан, анамның бойына біткен кезде әкем мен шешем қатты алаңдаған екен. Исабек ишан атаның басына түнеп, Жаратқаннан жәрдем тілепті. Әке-шешемнің тілегі қабыл болып, дүниеге мен келіппін. Ал есімімді «Абыз болсын!» деп Исабек ишанның немересі Солтан қожа қойыпты. Әкем маған дейінгі балалардың есімдерін ұқсастырып «бай»-ды қосыпты. Мені қырқынан шығарарда, шілдеханаға жиналған жұртшылық алдында шешем құндақтап орап, Солтан

еңоекқор, меірімді жан еді. Ислам дінін көпшілікке аса күрделендірмей, ұғынықты етіп уағыздайтын. Солтан атам үш жылдық діни медреседе оқыған. Оны ерекше қадір тұтамын. Солтан атамның: «Балалар, оқуға ерекше ынта қойыңдар. Қазіргі заманның ағымына қарай, діни білім ала алмадыңдар. Бүгінгі оқу өмірді білуге мүмкіндік бергенімен, Исламдық жолды бөгеп отыр. Бірақ Ислам жолы әбден жіңішкеріп барып, келешекте өз арнасы түседі», - деп айтқанын талай мәрте естігенмін. Солтан атам 1962 жылы тамыз айының соңғы күндерінің бірінде фәниден бақиға аттанды, - деп еске алады Сопаш ата.

Биыл Рамазан айында Солтан қожа кесенесі бой көтерді. **Құрбан айттың алғашқы күні - 12 қыркүйекте сағат 12.00-де Ақкөл ауылының Қылдыкөл деп аталатын жерінде аталған кесененің салтанатты ашылу рәсімі өтпек.** Бұл - соңғы бес жылда әулиелі Ақкөл-Жайылмада бой көтерген үшінші кесене.

